

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 937 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Лицензиялау жөніндегі функцияларды ажырату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-күжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:  
"21. Қазақстан Банкі қызметі:  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүргізуге банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі:

банкаралық клиринг: төлемдерді жинау, салыстыру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есептемесін жүргізу және клирингке қатысушылар - банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың таза ұстанымын анықтау;

сейф операциялары: құжаттық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға

беруді қоса алғанда, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;

төлем карточкаларын шығару;

банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау және салып жіберу;

шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру;

валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:

"21-1. Қазақстан Республикасының банк Республикасының Қаржы заңнамасында көзделген банктік және өзге рыногын және қаржы де операцияларды жүргізуге арналған ұйымдарын реттеу мен банктер қызметі; қ а д а ғ а л а у ж ө н і н д е г і агенттігі

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыру жөніндегі кредиттік серіктестіктердің қызметі;

осы Тізбенің 21-жолында көрсетілген операцияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге арналған банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі;

банктер аудиті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудиті және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет және сауда-саттықты ұйымдастырушылардың бағалы қағаздармен қызметі;

зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

"өмірді сақтандыру" саласындағы және  
"жалпы сақтандыру" саласындағы қызмет,  
қайта сақтандыру жөніндегі қызмет,  
сақтандыру брокерлерінің қызметі,  
сақтандыру рыногындағы актуарлық қызмет".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануы тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК